

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Хажиева Т.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[togzhankhahzi@gmail.com](mailto:togzhankhahzi@gmail.com)

Қазіргі шақ, ХХІ ғасыр инновациялар мен жанару, жахандық даму кезеңі екендігі белгілі. Сол себепті, әрдайым заман талабына сай өмір сүруге және өзгерістерге дайын болуымыз қажет. Қоғамның қай саласын алып қарасаң да күн сайын өзгерістер мен жаңа тың идеялар жүзеге асырылуда. Дәл осы себепке байланысты сауатты, әрі жан-жақты, саналы ұрпақ тәрбиелеу, білім беру сапасын жоғары деңгейге көтеру бүгінгі күннің өзеті мәселелерінің бірі болып табылады. Ал, бұл идеяны жүзеге асыру үшін ең алдымен өскелен ұрпаққа қажетті деңгейде қолдау көрсету, еш қиындықсыз білім алуына деген жағдай жасалу қажет екендігі аян.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес екендігі бәріне мәлім. Инновациялық технологияны меңгеру жеке тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа саланы меңгеру тек қана өзің үшін ғана білім алып қана қоймай, сол алған білімді өзгеге үйрете білу жетістікке апарар жол деп білемін.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында ғылым мен білім саласының негізгі аспектілеріне тоқталып, бұл саланы одан әрі жетілдіру, қашақтықтан білім беру форматын ұйымдастыру, толықтай білім беру базасын цифрландыру туралы сөз еткен болатын. Сонымен қатар, қашықтан оқыту ісін ұйымдастыруда Үкіметтің жіберген қателіктерін жақсы білеміз. Ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Мұғалімдер, оқушылар мен студенттер және ата-аналар күндіз-түні «WhatsApp» желісінен бас көтермейтін болды. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет[1] – деген болатын.

Сонымен қатар, әлемдік дағдарыс және пандемия кезінде аңғарғанымыздай оқу сапасында да едәуір қиыншылықтар болды және бұл жағдайдың барлығы онлайн оқыту платформасының кейбір кемшіліктері және қажетті деңгейде мемлекеттік тілдегі электронды әдебиеттердің жетіспеушілігімен түсіндіріледі. Негізгі айта кететініміз, ол қандайда бір ғаламтор желісіндегі ақпаратты алатын болсақ әлемнің барлық тілінде табылады, бірақ біздің ана тілімізде жазылған мәліметтердің өте аздығы.

Тарихи білім берудің мазмұнының басты элементі –білім. Себебі, тарихи білім – дүниетанымды қалыптастырудың басты құралы. Тарихты оқи отырып оқушылар мен студенттер қауымы әртүрлі даму кезеңдеріндегі адамдармен, заттармен, оқиғалармен танысады. Қоғамдық-тарихи процесс кеңістік пен уақыт аралығында жүзеге асатын болғандықтан, уақыт бойынша фактілерді анықтау – хронология білімін, ал кеңістік арқылы анықтау – тарихи география білімін талап етеді.

Жалпы тарих білімінің бірнеше компоненттері болады:

- 1 Тарихи түсінік (нақты образдар арқылы оқиға, хронологияның танылуы);
- 2 Тарихи тағылым. Тарихи фактілер туралы образдар қалыптасқаннан кейін барып оқушы/студент оның мәнін, олардың арасындағы байланысты анықтауға, тануға көмектеседі;
- 3 Тарихи процестің заңдылық ұзымы тарихи фактілерді, тарихи процесты ғылым, заңдылық жүйесі арқылы беру.[2, 17 б.]

Одан бөлек ерекше тоқталатынымыз, тамыры тереңге жайылған тарихымыздың бүгінгі таңдағы өзектілігі мен оны оқытудағы заманауи технологиялар мен әдістерді қолдану, осы саланы одан әрі жетілдіру біздің басты зерттеу объектімізге айналды. Тарих адамның жалпы ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, оның бойында патриотизм рухын тәрбиелейді. Тарихты оқытудың міндеттерінің бірі негізгі ұғымдарды беру ғана емес, сонымен қатар сауатты, әр түрлі ақпарат құралдарымен жұмыс істеуді үйрету болып табылады. Бүгінгі таңда тарихты оқытудағы ақпараттық технологиялар сәнге құрмет емес, Қазақстандық білім беру саясатының басты міндетіне сәйкес келетін білім берудің жаңа сапасына қол жеткізудің табысты құралы болып табылады.

Қай халықты алып қарасан да өзіне тән төл тарихы мен өткені бар және оны сақтайтын арнайы базалары құрылған. Дәл сол секілді тек қана қағаз түріндегі архивтерді, кітапханаларды ғана емес сонымен қатар ынғайлы етіп арнайы мемлекеттік тілдегі қосымшалар мен сайттар қолданысқа енгізілсе үлкен серпін болар еді. Мысалы: Google формадағы түрлі тесттер мен сауалнамалар, Kahoot! бағдарламасы арқылы топтық жұмыстар, itest секілді сайтта тестілеу жұмыстарына дайындық жасау жұмыстарын жүргізу күнделікті сабаққа жаңа қарқын беретіні сөзсіз.

Қазіргі инновация мен технологияның дамыған заманында неғұрлым сапалы саналы білім беру жолға қойлып ғалымдар оқытудың түрлі технологиясын ойлап табуға ұмтылуда. Уақыт өткен сайын оқытудың түрлі әдістері мен тәсілдері оқулық ретінде жарыққа шығуда. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жыл көлемінде ұлттық интеллигенция мен ғалымдар тобының үлкен шоғыры қалыптасты. Одан бөлек IT мамандары арасында өзіміздің төл әдебиеттеріміз бен электронды оқулықтарымызды шығару міндеті тұр. Заман талабына сайбілім алушыларға сапалы білім беру мақсатында түрлі оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерді және білім құралдарын пайдалану міндеттеліп отыр. Студенттер мен оқушылардың сана сезімі мен білім қабілетін көтеруге оқу әдістемелік кешендерді пайдаланудың маңызы зор екені бәрімізге аян. Дегенмен, бұл аталған жұмыстарды жүргізу үшін қажетті ресурстар керек, яғни мәліметтер базасы болуы керек. Ол үшін мұрағаттағы барлық ақпаратты қолдана отырып тілге жеңіл, ойға қонымды, ертеңгі күні өмірлік азық боларлықтай ақпарат қорын әзірлеу керек. Бірақ, бұл жолда біраз қиындықтар кездесуі мүмкін және оқу процесінде заманауи технологиялардың таралуына бірқатар маңызды факторлар кедергі келтіреді, мысалы:

- оқу орындарының компьютерлік және электрондық оқыту құралдарымен жеткіліксіз жарактандырылуы;
- әдетте, оқу орындарының Internet пен басқа да халықаралық ақпараттық желілерге шығу мүмкіндігінің шектеулілігі;
- оқу сабақтарын өткізу үшін ғылыми-әдістемелік базаның (электронды оқу құралдардың, зертханалық және бақылау жұмыстарының, тестілердің және т. б.) жетіспеуі;
- қазіргі заманғы компьютерлік техника саласындағы оқытушылардың біліктілігінің жеткіліксіздігі;
- және осының салдары ретінде білім алушылардың компьютерлермен, электронды түрде ұсынылған материалдармен жұмыс істеу саласындағы білімінің жеткіліксіздігі;
- осы жұмысты жүзеге асырудағы қажетті мамандардың жетіспеушілігі болып табылады.

Дегенмен, бұл мәселелерді шешудің оңтайлы әдістері бар. Айта кететін болсақ:

- оқытудың жаңа инновациялық технологияларын игеру үшін оқытушыларды қайта даярлау курстарын жүргізу;
- оқытушылардың жаңа әдістемелік мультимедиалық оқу құралдарын әзірлеуін қамтамасыз ету;
- оқу орындарында мультимедиалық аудиториялар, зертханалар мен кітапханалар желісін дамыту;

- компьютерде, Internet-те электрондық оқыту құралдарымен жұмыс істеуге оқытудың академиялық сағаттарының санын ұлғайту;
- білім алушылар арасында қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар бойынша ғылыми-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Мұндай құралдар білім сапасын жақсартып қана қоймай, білімді тек қана бір емес бірнеше адамдарға жеткізуге мүмкіндік береді. Білім беруде жаңа инновациялық технологияларды енгізудің ерекше тиімді тәсілі жергілікті және жаһандық әлемдік желілер арқылы қашықтықтан оқытуды әзірлеу және енгізу болып табылады. Өкінішке орай, біздің елімізде мұндай шаралар әлі де болсын жүзеге осырылуы шегерілуде. Бірақ оқытудың дәл осы түрін дамыту ірі қалалардан алыс аудандардың, ауылдардың тұрғындары, мүмкіндіктері шектеулі жандарға, негізгі немесе қосымша жоғары немесе арнайы білім алуға ұмтылатын адамдар үшін тиімді болып келеді. Осылайша, білім ордаларында қашықтықтан емтихан тапсыруға, оқытушылардан кеңес алуға, пәндер бойынша білімін тексеруге және тағы басқа жұмыстарды атқаруға болады. Оқытудағы заманауи технологиялар білім беруді көпшілікке жеткізуге, оның сапасын арттыруға және білім алу процесін жеделдетуге ғана емес, сонымен қатар білім беруді материалдық тұрғыдан қол жетімді етуге мүмкіндік береді, бұл қазіргі уақытта үлкен маңызға ие.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тарихы пәнін жаңа көзқараста оқыту мәселесі алға қойылды. Соңғы отыз жылда Қазақстанның қазіргі заман тарихын оқу орындарында жаңаша бағытта оқыту қолға алынып, жаңа электронды кітаптар шыға бастады, бұл электронды оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерді соңғы озық әдіс тәсілдерді қолдана отырып сапалы білім берудің негізгі құралына айналдыру мәселесі туындап тұр. Қазақ тарихын барынша жаңа қырынан көрсету, ашылмаған тарих беттерін қағазға түсіріп қана қоймай, оны ары қарай білім беру саласында қолдана білу, ғылым мен білім саласының бір саты жоғары өрлеуі болар еді.

Бүгінгі таңда, білім беру саласында түрлі-түрлі технологиялар енгізілуде және ол ақиқат. Ал ең басты талап тарих пәнін оқытуда оның әр кезеңін талдауда тиімді пайдалана білу. Олай болса, Қазақстан тарихы пәнін мектептерде, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында көрнекілік әдістерді қолдана біліп, техникалық құралдармен сүйемелдеу өте өзекті мәселе. Тек қана бұнымен шектелмей, сабақтан тыс білім алушыларға тарихи фильмдер мен қойылымдар көрсету немесе өткен тақырып бойынша шығармашылық үй тапсырмасын беру, топтық жұмыстарды арттыру бұл да бір өзгерістерге бастама болары анық.

Сонымен, «білім = ақпарат» формуласы бүгінгі күні ескірген, білім ақпарат емес деп ұйғаруға әбден болады. Бәрін білу мүмкін емес, оған өміріміз де жетпейді және оның қажеті де жоқ, өйткені ақпарат әрбір он жылда 90 % -ке ескіріп отырады: қандай да бір ақпаратты игеріп алсақ, бірер жылдан кейін оның қажеттілігі болмай да қалуы мүмкін. Бұған қоса болашақтағы (бес-он жылдан кейінгі) кәсіптердің төрттен бірі (яғни, 25 %) бүгінгі күні өмірде жоқ деп есептейді ғалымдар. Олар тек уақыт өте ғана пайда болады. Олар қазір жоқ болса, оларға қалай үйренуге болады: жоқ нәрсеге үйрену мүмкін бе[3, 180 б.] – деген сұрақтар жиі кездеседі. Осыған байланысты адам үнемі ізденіс үстінде болуы керек екендігі тағыда бір айқындалып отыр.

Сол себепті оқытудағы инновациялық тәсілдердің маңызды ерекшелігі – білім алушылардың шығармашылық дамуына назар аудару, олардың өз бетінше жұмыс істеуге дайындау қажеттілігі, кең білімді, мәдени, шығармашылық, бастамашыл тұлғаны дамыту және тәрбиелеу болып саналады. Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялар, оқытудың әдістері мен тәсілдері негізінде оқытушының рөлін өзгертуге, оны тек білім алушы ғана емес, сонымен қатар оқушылар мен студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі, бастамашысы етуге мүмкіндік туды. Берген білімді тек қана ақпарат түрінде қабылдамай оны практика жүзінде қолдана білу өте маңызды роль атқарады.

Инновациялық білім берудің негізгі мақсаты жан жақты білім берумен ғана шектелмей, басты назарды заманауи, білікті де білімді тұлға қабыптастыруға бұру болып табылады. Сонымен қатар, бұл өзгеріс білім алушылардың интеллектуалды қасиеттерімен қатар, олардың бір емес бірнеше саланы бірден игеруге кеңінен жол ашатындығы белгілі. Әрине бұл мақсаттардан біздің алдымызда келесідей міндеттер туындайды: оқу процесін оңтайландыру, білім алушылар мен ұстаз арасында байланыс орнату, оқуға деген сарқылмас энергия көзі мен мотивация қалыптастыру, дұрыс әрі нақты материалдар базасын жасау, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерің белсендіру.

Осы жоғарыда айтылғандарды ескере отырып бүгінгі күні жаңа білім беру жүйесін қалыптасытыратын, оны арықарай дамытып жетілдіретін біз екенін ұмытпаған жөн. Әрине, бірден жаңа жүйеге бет бұру оны өзгелерден талап ету, өзгерісті жаңа тұрғыдан бастау қиындық тудыруы мүмкін. Бірақ оған қарамастан біздің қолымыздан келетініне сеніміміз мол болуы қажет. Себебі, жастар, жан-жақты дамыған, шетел тілдері мен компьютердің тілін жақсы білетіндіктен бұл бастама еш қиындық тудырмайтыны анық.

Бұл үлкен жобаны біртіндеп тарих пәні бойынша, тұтастай білім беру жүйесіне енгізе бастаған жөн. Өйткені күнделікті сабақ беру форматынан өзгешеленетіндіктен білім алушыларға да, ұстаздарға да бірден үйренісіп кетуі үшін үлкен тәжірибе қажет болады. Осыған байланысты қарапайым сабақта топтық жұмыстар жүргізіп, видео материалдар немесе театрландырылған қойылымдар көрсету арқылы сол заманғы атмосфераны сезіндіре алу қажет. Осыған орай, Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәні бойынша тек қана тақырыпты оқып, кейін түсінгенінді айтып берумен ғана шектелмей, сол материалды одан әрі қолдана алатындай методика құрастыру керек. Ал төл тарихымызды танып білуде және оны таралазылауда жаңа көзқарастар мен қатар тыңғылықты зерттеулер қажет. Нақтырақ айтқанда мектептер мен университеттерде студенттер мен оқушыларды мұражайларға немесе туған жеріміздің киелі жерлеріне экскурсияларға, сонымен қатар жасөспірімдердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру үшін оларды театрларға, көрмелерге, тарихи, деректі фильмдерге апарып тұрған абзал. Аталғандардың барлығы тұлғаның білімді әрі бойына тек қана ізгі-асыл қасиеттерді жинақтауына септігін тигізеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген әл-Фараби атамыздың қағидасына сүйене отырып бүгінгі күні жастарға біліммен қоса лайықты тәрбие беру мәселесі тұр. Осыған байланысты білім беру жүйесіне жаңа инновацияларды енгізу осы мәселені шешудің табысты құралы болар еді.

Қорытындылай келе айтарымыз, тарихты танып білуде бүгінгі таңда түрлі білім беру методикаларын қарастырып және қолданысқа енгізілуде. Осылайша, барлық мәселені ескере отырып жаңа төл методикамызды құрастырып, заманауи технологиялар мен қосымшаларды білім мен тәрбие беру құралына айналдыру қажет. Осы жұмыста қарастырылған және ұсынылған қосымшалар мен технологиялар Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнін оқыту жүйесін арттыруға, ұстаздар мен білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер ашатындығына үлес болар еді. Сондықтан заман өзгерістеріне бейімделе отырып, білім алу, білім беру сапасының да артатынына күмән жоқ. Сонымен қатар, қоғамдағы өзгерістер мен озық технологияларды ұштастыра білсек саналы әрі білімді ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жететініміз анық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2020, 1 қыркүйек. [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylyg-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylyg-1-kyrkuiek)
- 2 Журасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі.-Орал:БҚМУ баспасы, 2012.-160 б.
- 3 Әлімов А. Қ. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану.-Оқу құралы.-Алматы:Атамұра баспасы, 2015.-325 б.